



ТУРАН- ҚАЗАЛЫ

№40
(2315)
Сенбі
7 маусым
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Қазалыда 4 маусым – Мемлекеттік Рәміздер күні мерекесі аясында патриоттық шара ұйымдастырылды. Аудан орталығындағы рәміздер алаңында өткен мерекелік іс-шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен белсенді жастар қатысты.

Мерекелік жиында аудан әкімі Қазалы жұртшылығын мерекемен құттықтап, мемлекеттік рәміздер Тәуелсіздіктің баға жетпес құндылығы екенін жеткізіп, өңірде атқарылып жатқан игі істер жайында айтты.

-Мемлекеттік рәміздер – әр мемлекеттің тәуелсіздігін білдірумен қатар, тұтастыққа ұйыстыратын, бірлікке үндейтін айшықты белгілер.



Еліміздің басты құндылықтарын құрметтеу, қадір-қасиетін ұғыну, оларды қолдану тәртібін сақтау – бәріміздің перзенттік парызымыз. Баршаңызды мемлекеттік

күнімен құттықтай отырып, әрдайым ел іші мерекелі де берекелі, Елтаңбамыз – еңселі, Туымыз – тұғырлы, Гимніміз – айбынды болсын деймін. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін, - деді аудан әкімі.

Жиында бірқатар сала қызметкерлері ауданымыздың қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріне белсене қатысып, зор үлес қосқаны үшін аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке жаңадан жұмысқа қабылданған мемлекеттік қызметкерлер салтанатты түрде ант беріп, аудан өнерпаздары патриоттық әндер шырқады.

АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ОРАЗҒАЛИ ДОСТАНҰЛЫ – 85 ЖАСТА!



Ұзақ жылдар бойы өңірдің өсіп-өркендеуі мен дамуы жолында аянбай еткен ардагер, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Құрмет», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы - Оразғали Достанұлы 85 жасқа толды.

Осыған орай, аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш және

аудандағы құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге «Руханият» орталығында аудан ардагерлерімен кездесіп, мерейтой иесіне құрмет көрсетті.

- «Қарты бар елдің – қазынасы бар». Сіздің ұзақ жылдар бойы өңірдің өсіп-өркендеуі мен дамуы жолында аянбай еткен еңбегіңіз, ерен ерлікке толы өмір жолыңыз және ақылшы-ұстаздық қабілетіңіз өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Бүгінде

зейнет жасында болсаңыз да аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосып келесіз. Қоғамдық-саяси өмірдегі белсенді бағытыңызға, аға ұрпақ өкілдерінің аманатына сай жастар тәрбиесін жақсарту мен лайықты ізбасарлар даярлау жолындағы игілікті істеріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, - деді аудан әкімі.

Ақжарма тілегін жекізген аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет мерейтой иесіне қазақы дәстүрге сай иығына шапан жауып, «Құрмет грамотасы» мен құттықтауын табыстады.

Сондай-ақ, аудан прокуроры Дарын Әбіш, аудан ардагерлері атынан Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Қасқырбай Әлімбай, еңбек ардагері Молдабай Ақниязов Оразғали Достанұлының өңір дамуы жолындағы еткен еңбегі орасан зор екенін айтып, шынайы лебіздерін жеткізіп, мерейтойымен құттықтады.

Қазалы ауданы
әкімдігінің
баспасөз қызметі

●Баспасөз - 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға - 1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға - 2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің редакциясы

АЗАМАТТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру. Бұл ретте, азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру департаменттің негізгі қызмет бағыттарының бірі болып табылады.

Мысалы, 2025 жылдың қаңтар – мамыр айларында Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері негізінде Кодекс талаптарын бұзғаны үшін 2 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 3 мемлекеттік қызметші әр түрлі тәртіптік жазаларға тартылса, 1 тәртіптік істің қаралуы тоқтатылған.

Атап айтсақ, департаменттің қарауына түскен Шиелі ауданының тұрғыны азаматша Е.-ның шағымы негізінде Қызылорда облысының білім басқармасына қарасты аудандық білім бөлімі басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Өз кезегінде, шағым иесі аудандық білім бөлімі басшысының жеке қабылдауында болған кезде оның дәрекілік танытып, арнамысына тиетін сөздер айтып, сыпайылық танытпағаны үшін шара көруді сұраған.

Аталған уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсініктеме алынып, онда ол азаматша Е.-ның шағымында көрсетілген уәждерімен келіспейтінін көрсеткен.

Дегенмен, азаматша Е.-мен ұсынылған аудиожазбаны зерделеу барысында аудандық бөлім басшысы тарапынан әдептілік нормаларын сақтамағаны белгілі болды.

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дәрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы тиіс делінген талаптар қойылған.

Яғни, тексеру нәтижесінде жинақталған дәлелдермен бөлімбасшысының мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын бұзылуына жол

бергендігі анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, кеңес шешімімен оған «ескерту» түріндегі тәртіптік жазаны қолдану ұсынылды.

Шешімді қарау нәтижесімен Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының 2025 жылғы 14 мамырдағы №50-ж/қ бұйрығымен аудандық бөлім басшысына «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Сөйтіп, Әдеп жөніндегі кеңес шешімімен азаматша Е.-ның бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Талдаудың нәтижесімен 4 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 11 мониторинг жүргізіліп, 11 үстеме жұмыс істеу фактісі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 51 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 117 сағат демалыс сағаттары берілді.

Сондай-ақ, департаментпен 2024 жылдың қорытындысымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйақы беруде заңдылықтардың сақталуына талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесімен 6 мемлекеттік қызметшіге негізсіз сыйақы берілмегендігі анықталып, олардың құқықтарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды.

Аталған мәселе, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, қабылданған шешім негізінде 6 мемлекеттік қызметшіге сыйақы төленді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қадағалайтын болады.

Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңестің
төрағасы

ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАР

Алипов Қадырбек
Раманқұлұлы Қазалы

ауданаралық орталық ауруханасына басшы болып келгелі денсаулық саласында оң өзгерістер орын алуда. Атап айтар болсақ 5 дәрігерлік амбулатория және ауруханаға қарасты 2-ші ғимараттың бу қазандықтарын қатты отыннан көгілдір отынға ауыстыру жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Биылғы жылы Бекарыстан би, «Болат жолы» дәрігерлік амбулаторияларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Барлық емдеу мекемелері су жаңа жедел-жәрдем көлігімен қамтылды.

Сонымен қатар, халықаралық стандартқа сай заманауи үлгідегі КТ (компьютерный томография) МРТ (магнитті резонансты томография) аппараттарымен жабдықталған 42-і төсектік қосымша екі қабатты инсульт ғимаратын салу жұмыстарының құрлысы басталып кетті.



Аталған құрылыс жыл соңына дейін іске қосылады деп жоспарлануда.

Зейнет жасына келген дәрігерлер қызметпен босатылып, жас дәрігерлер жұмыспен қамтылуда.

Қазалы аудандық
көпбейінді орталық
аурухананың
шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорны

ҚАРТТАР АМАНДЫҒЫ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Қоғамның өркениеттілігі мен рухани деңгейі оның қарттарға деген қарым-қатынасынан көрінеді. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда егде жастағы адамдарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылық әлем бойынша өзекті әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Қазақстан да бұл мәселеден шет қалмай, қарияларға көрсетілетін әділетсіздік пен немқұрайлықтың салдарын сезінуде.

Мамандардың айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кез келген түрі әрбір сегізінші отбасында бар. Әрбір үшінші отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық болса, егде жастағы адамдар да экономикалық, физикалық, психологиялық зорлық-зомбылыққа тап болады.

Қарт адамдарға жасалатын зорлық-зомбылық тек физикалық қысыммен шектелмейді. Ол бірнеше түрлі формада көрініс табуы мүмкін:

Мысалы, психологиялық қысым: қорлау, менсінбеу, жалғыздықта қалдыру деп есептелсе, экономикалық зорлыққа: зейнетақысын иемдену, мүлкін рұқсатсыз пайдалану деп көрсеткен. Ал медициналық немқұрайлылық: тиісті дәрігерлік көмектен айыру немесе дәрі-дәрмегін бермеу, әлеуметтік оқшаулау: қоғамнан, отбасынан алыстату болып табылады.

Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда отбасындағы кемсіту мен қорқыту қалыпты жағдайға айналды, тұрмыстық зорлық-зомбылық

қылмыстарына құлақ үйренді.

Бүгінгі таңда бұл күрделі ахуал жүректі сыздатып, елдің ертеңіне алаңдаушылық туғырып отыр. Қорғансыздың көз жасына бейжай қарау – адамгершілікке жат. Сондықтан бұл түйткілдің шешімі – тек заңмен ғана емес, жүрекпен, бірлікпен, санамен күресу. Отбасында тыныштық болса – қоғамда тұрақтылық болады. Қарттарға жасалатын зорлық-зомбылықты болдырмау – тек отбасының емес, бүкіл қоғамның міндеті.

Қарттар – біздің өткеніміздің айнасы, болашағымыздың бағдары. Оларға жасалған зорлық – тек жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамның арнамысына жасалған қиянат. Сондықтан әрбір азамат, әрбір отбасы, әрбір мемлекеттік орган бұл мәселеге бей-жай қарамай, бірлесіп әрекет етуі керек. Егде жастағы адамдарға қамқор болу – ізгі қоғамның белгісі.

Қарияға құрмет – бала тәрбиесінің де айнасы. Балалар мен жастар ата-әжесіне қарап мейірімділік пен сыйластықты үйренеді. Сондықтан отбасы ішінде қарт адамның орны ерекше болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, қарияларға қатыгездікке жол бермеу – әрбір азаматтың борышы. Олар бізге өмір берген буын. Ал біз оларға құрмет көрсету арқылы өз болашағымызға жол ашамыз.

Қарияны сыйлау – адамгершіліктің белгісі.

Қазалы аудандық
қоғамдық даму бөлімі

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Құқықбұзушылық – заңды жауапкершілікке алып келетін құқыққа қарсы әрекет. Бүгін қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бұл қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Құқықбұзушылық — қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет.

Жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру арқылы оларды дұрыс жолмен жүруді үйретеміз.

Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды.

Осы ретте кәмелетке толмаған балалар арасындағы және оларға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ауылдағы білім саласымен біргелікте түрлі форматта іс шаралар кешені ұйымдастырылып келеді.

Осы тұста жоғары сынып оқушыларына құқықтық тәрбие беру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында нашақорлыққа, су-

ицидке жол бермеу, қыздар арасындағы ерте жүктіліктің, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы, осы мақсатта құқық бұзушылықтың алдын алу және олармен күресу жолдары бойынша жиындар жиі өткізілуде.

Қашанда тәрбие мәселесі басты орында. Жалпы балалардың жақсы білім алып қана қоймай, қоғамға үлесі тиетін үлгілі, тәрбиелі азамат болып қалыптасуы үшін тиісті іс-шара жоспары жасалған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында елде құқықтық сауаттылықты арттыру қажеттігіне баса мән берген болатын. Әсіресе отбасында болатын зорлық-зомбылықты қылмыс ретінде қарауды күн тәртібіне қойған болатын.

Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс» дей келіп, олардың ел заңдарын сақтауына көңіл бөлген болатын.

Осы мақсатта мектепте балалардың сауатын арттыруда оқушыларға заң талаптары түсіндірілуде және отбасында орын алатын зорлық-зомбылықтың жолын кесу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылып тұр.

Ескерту ретінде кәмелетке толмағандар арасында және кәмелетке толмағандарға

қатысты буллингтің, жәбірленудің, зорлықтың, қатыгездіктің алдын алу жөнінде кәмелетке толмағандардың вэй-парды, электронды темекілерді, темекі бұйымдарын, кальяндарды пайдаланудың және нашақорлықтың алдын алу, кешкі мезгілдерде жалғыз жүрмеу, бейтаныс адаммен сөйлеспеу, сабақ кезінде қалаға, тойханаларға бармау, жол көлік ережесін сақтау, көлік айдамау туралы барынша мағұлматтар беріліп келеді.

Кәмелетке толмаған балалар арасындағы және оларға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында білім ошақтарында түрлі форматта іс шаралар кешені жиі ұйымдастырылып отырады.

Қашанда құқықтық тұрғыдан сауатты болып, заң талаптарын жетік білген жасөспірімдер ешқашан теріс әрекеттерге бармайды. Заңды білмеу ешкімді жауапкершіліктен босатпайды.

Сондықтан кез-келген жағдайды сараптап, қай кезде және қай жерде болсын саналы әрекет еткен дұрыс.

Ал, мұндай теріс әрекеттерге жол берген жағдайда жасөспірімдердің қатысуымен жасалған қылмыстардың сана-

тына және дәрежесіне қарай олар 14 және 16 жас-тан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мұның салдары өте жаман. Қылмысты жасаған кез-келген азамат өз өміріне, болашағына балта шабады. Бұл – оның ұрпағына да зор зиянын тигізеді. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам өмір бойы мемлекеттік қызметте, құқық қорғау орындарында және басқа да білім беру, денсаулық сақтау салаларында жұмыс істей алмайды.

Жасөспірімдермен өтіп келе жатқан жиындарда оқушылар өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, оған тұщымды жауаптар алып келеді. Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады?

Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу,

кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Ал, енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады.

Осыған байланысты жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру – жан-жақты тәрбиенің маңызды бір саласындағы жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесі болып табылады.

Дегенмен тәрбиесі мол. «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды.

Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар.

Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-жақты сезінуі керек.

Серік ӨМІРЗАҚОВ,
«Көларық» ауылдық округінің әкімі

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін тиісті деңгейде орындау мақсатында олардың тарапынан әдеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізуі қажет.

Осы бағытта департамент тарапынан мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, қызметтік әдепті бұзу фактілерін болдырмау және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алу мақсатында 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында 74 түсіндіру шаралары жүргізілді.

Оның ішінде, мемлекеттік органдарға бару арқылы 34 шара өткізіліп, мемлекеттік қызметшілерге «Мемлекеттік қызметшілерімен заңнамада

көзделген шектеулерді, мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің талаптарын сақтау» тақырыбында семинарлар өткізілді.

Осы жылдың сәуір-мамыр айларында Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, ҚР сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Қызылорда облысының әділет департаменті, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің қатысуымен сол ұжымдарда семинарлар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, сәуір-мамыр айларында департамент

басшысы Е.Мендалиев ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалында 5 рет дәріс оқыды.

Семинарлар барысында құмар ойынмен ойнауға шектеу қойылғаны, шектеуді сақтамаған жағдайда мемлекеттік қызметші жұмыстан босатылатыны қатаң ескертілді және 2025 жылғы 10 қаңтардағы №156-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының талаптарымен таныстырылып, оның ішінде мемлекеттік қызметке кіру шарттары мен тәртіптік жаза қолдану мәселелеріне түсіндірме берілді.

Бұдан бөлек, ҚР Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік

қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген бастамалармен таныстырылып, мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту мақсатындағы қабылданатын шаралар туралы ақпарат берілді.

Осы жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде Әдеп жөніндегі кеңесте қаралатын тәртіптік істердің саны жыл сайын азаяуда.

Жүргізілген семинарлардың басты мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік теріс қылық жасау және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Т.НҰРТАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

АЗАПТЫ ЖЫЛДАРДЫ БАСТАН ӨТКІЗГЕН АЗАМАТ

Талайына тап келгесін пенденің көнбеске амалы бар ма, пешенесіне жазылғанын көреді екен. Қали Атайұлы Омаров фәни дүниеде тағдырдың ащысын да, тұщысын да көп тартқан адам.

Қали ағамыз он үшке толғанда дін оқуынан дәріс алады. Ал, 1923 жылдан сауатсыздықты жою мектебінде оқиды. Ахмет Байтұрсынов құрастырған 29 әріпті игереді. 1929 жылы Ақмешіттегі гидро-мелиоративтік техникумға оқуға түседі. 1931 жылы елден Өзбекстан жаққа ауып барамыз деген хабар келеді. Сосын оқуда мәніс болсын ба? Көшкен елдің соңынан қуып «Қызыл абат» колхозынан бірақ шығады. Елді аштық – ауыртпалық жайлады. «Қызыл абат колхозында есепшілік қызметке кіріседі. Әрі комсомол активі ретінде ауызға іліне бастайды. Қазалыға оралғасын бір жылдық білім жетілдіру курсынан өтіп, есепшілік қызметін жалғастырады.

1939 жылдың тамызында КПСС қатарына қабылданады. 1942 жылдың сәуірінде аудандық әскери комиссариат арқылы Алматы қаласына жаяу әскерлер училищесіне шақырылады. Бірақ оны бітіре алмайды. Төрт ай оқығасын училище жабылады. Соғысқа араласады. Сталинград шайқасына бастан аяқ қатысады. Екі рет жаралы болады. Содан Воронежге №52-ші Қызыл тулы атқыштар дивизиясының №152-ші полкінің қарамағында, зеңбірекші болады. 1943 жылы шілденің 31 жұлдызында жаппай шабуыл басталады. Полтава қаласына 120 шақырымдай қалған еді. Тамыздың 15-16-да қоршауда қалғандары белгілі болды. 151,152,153 және №214-ші полктермен, тағы да бірнеше бөлімшелер, барлығы 17 мыңдай адам тұтқынға түсті. Содан Германияның түрлі лагерінде, кейін Франция мен Англияда тұтқында болады. Бұларды 1944 жылдың тамызында Одақтастар

әскері тұтқыннан босатты. Мурманскіге екі параходпен 42 мыңдай адам келді. Оның арасынан неше түрлі ұлттың өкілін табуға болатын еді. Поляк, венгер, орыс, тағы басқа. Ригада тергеуден өтті. Құрылыс материалдарын дайындайтын батальонда есепші болды. Елге 1947 жылы оралды. «Жаңаталапқа», кейін Қазақстанның 30 жылдығы атындағы колхозға есепші болып, көңілі ептеп жайлана бастағанына екі-үш жылдың аумағы болып еді. Елу бірінші жыл. Иә, 51-дің көктемі Қали Омаровтың есінде жатталып қалған. Қырықтың қырқасындағы ұзын бойлы, қапсағай, отты да ойлы жігіттің белі бүгіліп, тор етінен айырылып сылынып-ақ қалып еді. Сол көктемнің сәуірінде жиырма жыл дәмдес – сыйлас болған, соғыстың от-жалынынан сақтай гөр деп тілеген, бес жыл сарғая күткен аяулы жары Қымыздан айырылды. Зайыбының ізін ала ұлы Үрістембектен қол үзді. Әкесінің көзіндей көретін Әбді ағасы да көз жұмды. Сондай қамкөңіл, әлі ес жия қоймаған кезінде түн ортасы ауа есік қағылды. Жай емес, дүрсілдете қақты.

Келгендер тез киініңіз, - деді.

Ау, жән-жосығын айтсаңыздаршы.

-Барғасын, сонау Өскеменге жеткесін білесіз!

Одан әрі сөзге келмеді. Тапаншаларын тақап желкелеп алып кетті. Түстері суық. Жүрістері суыт. Жолаушы пойызы Шығыс Қазақстан қайдасың деп тартып келеді. Қали ағамыз тәулік өткесін барып өзіне-өзі келді.

Қали аға Өскеменнің түрмесінде сегіз ай жатады. Күнде тергеу, түн ұйқысын төрт бөлді. Сондағы тағатын кінәсі қандай? Төбе шашың тік тұрарлықтай. «Түркістан лигионында болғаның, ағылшын разведкасына қатысың бар, немістерге аудармашы болғаның» деп шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жайлар. Бірақ амал нешік? Мойындауға тиіссің. Тіпті

жобаға келмесе де сөйтесің. Соныменен Қали Омаровты әскери трибунал 1951 жылдың 6-7 желтоқсанында 25 жылға түрмеге отыруға кесіп, Қарағандыға айдап жібереді. Осында Шығыс қазақстандық Мәлқаджар Көшеровеке кездесті. Екеуі құшақтасып көріседі. Тұтқында бірге болған. Сонда ол алпыстан асқан кісі болатын. Әскерге ат алып барған жерінен қоршауда қалған. Қазір азаптан ақ шөлмек болып, тек сүлдері жүр. Егіліп жылай береді. Берік болыңыз, дейді Қали аға жұбатып.

-Мені қойшы, - деді Көшеров көзінің жасын сүртіп, саған обал болды. Сорлы басым, сенің суретіңді танығасын, аты-жөніңді айттып едім. Өттеген-ай! Өлсем де жұмған аузымды ашпауын керек еді.

-Сізге таққан айыбы не?

-Молдалық жасапсың. Өлгендердің намазын шығарыпсың дейді. Сөйтіп маған 25 жыл жапсыра салды. Ал, сен Қали шырақ, кешіре алсаң кешір!

-Жақсы ағасы! Сіз айтпасаңыз да ізіңе шам алып түскесін тауып алары сөзсіз ғой.

Қарағандыдан Омскіге барды. ГЭС-те жұмыс істеді. 1955 жылдың аяғында амнистия болған кезде Қали ақсақалды босатпайды. Неге? Немісте полиция болғаның дейді. Куә бар ма? -десе; Куә Көшеров, -дейді.

1956 жылдың аяғында лагерлерді жоғары Жақтың арнайы комиссиясы аралап солардың қаулысымен Қали Омаров босатылады. Елге келісімен от басымен қауышып, сол есепшілік қызметін 1972 жылға дейін пенсияға шыққанша адал атқарады. Елге келіп ес жиғаннан кейін комсомол, партия қатарына өтіп, еңбек еткен кездерін еске алып, партия билетін қайтарып алады. Ізіне ерген ұрпақтарын оқытып, жоғарғы білім алуына бағыт-бағдар беріп жасы 85 тен асқанда келместің кемесіне мініп кеткен.

**Жеткербай
МАХАМБЕТ**

ОТТАН САҚ БОЛ!

Жазғы жел, аптап ыстық кезінде өрт қауіпі арта түседі. Кішкене ғана ұшқын, сөндірілмеген күл-қоқыс, шылым қалдығы, кез келген жерде от немесе шырпы жағып, шылым тұтату орны толмас опық жегізуі мүмкін.

Тазалық жұмыстары кезінде күл-қоқысты өртегенде өте сақ болу керек. Оны күн тымық кезде, тұрғын үй құрылысынан қашық жерде өртеп, күлі сөнгенше қадағалап қасында тұру керек. Қайсыбіреулеріміз соны біле тұра көңіл бөлмейміз. Тұрғындар аулаларынан шыққан күл-қоқыс, шөп қалдықтарын тазалау кезінде жоғарыда көрсетілген ережелерді сақтаулары керек.

Өрт шығу салдарына кішкентай балалардың шырпымен ойнауы, ата-аналар тарапынан қадағалаудың жоқтығы да себеп болады, яғни, ауа-райының ыстық кезінде кішкентай балаларға көп көңіл бөліп, олардың шырпы, отпен ойнауына жол бермеу керек. Себебі, оның арты өртке айналып, орны толмас өкінішке душар етеді.

Шаруа қожалықтары мен қосалқы шаруашылықтарда жемшөп дайындау уақыты таяп келеді.

Жаздың ыстық күнінде кішкене ғана ұшқынның өзі орны толмас опық жегізуі мүмкін. Далада, егін басында болатын өрт көбіне еңбек ететін адамдардың кінәсінен болады. Шылым тартқанда, от жаққанда сақтық жасамау, комбайнның, трактордың, автомашинаның түтін шығатын трубасынан құрғақ шөпке от ұшқынын түсіру, міне, далада шығатын өрттерге себеп осылар болып табылады. Өрт адамдардың маңдай терімен, еңбегімен қолымен өндірілген байлықты жоқ етіп кетпесін десек, онымен алдынала күресу керек.

Сондықтан шөп орағы кезінде әрбір шаруашылық басшылары мен шаруа қожалықтарының жетекшілері, механизаторлары мен жұмысшылары жоғарыдағыдай өрттен сақтану шараларын қатаң орындап отыру міндетім деп түсінуі керек.

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі**

●Хабарландыру

2025 жылғы 10 маусым күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXX сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде «2025-2027 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады. Сонымен қатар, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

**Қазалы аудандық
мәслихатының аппараты**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.